

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 8D081 Өсімдік шаруашылығы (мамандықтар: 6D080800 - Топырақтану және агрохимия; 6D081100 - Өсімдіктерді қорғау және карантин; білім беру бағдарламалары: 8D08102 - Топырақтану және агрохимия; 8D08104 - Өсімдік қорғау және карантин) кадрларды даярлау бағыты бойынша 2024 жылғы диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Есепті жылы 10 отырыс өткізілді, оның ішінде 6 отырыс докторанттардың диссертациялық жұмысын қорғау бойынша.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

| № | Тегі және аты-жөні | Мамандығы | Диссертация тақырыбы | Ғылыми жетекшілері | ЖОО (оқу орны) |
|---|---|--|---|--|--|
| 1 | Солтанбек ов Саги Сайранови ч | 6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» | Возрождение яблони сорта Апорт на основе микроклонирования, подбора подвоев и оценка устойчивости его к основным болезням | 1. Агибаев Алексей Жартаевич – а.ш.ғ.к., профессор «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет» КеАҚ. 2. Исин Мағжан Малгеждарович – а.ш.ғ.д., академик ҚР АШҒАА, профессор, «Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ГЗИ» ЖШС. 3. Fabio Rezzonico – профессор, PhD доктор. Швейцария, Цюрих қолданбалы ғылымдар университеті, Табиғи ресурстар институты. | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |
| 2 | Туребаева Сагадат Даулетбеко вна | 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» | Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде топырақты нөлдік өңдеу жағдайында күздік бидайды өсіру кезінде | 1 Жаппарова Айгул Абсултановна - а.ш.ғ.к., Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті КеАҚ «Топырақтану, | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |

| | | | | | |
|---|-----------------------------------|---------------------------------------|--|---|--|
| | | | тыңайтқыштарды қолдану ерекшеліктері | агрохимия және экология» кафедрасының профессоры; 2. Сальников Ельмира Рахимовна – PhD доктор, профессор, Теодор Драйзер атындағы топырақтану институтының бөлім меңгерушісі (Белград қаласы, Сербия Республикасы). | |
| 3 | Жумагулов а Молдир Кайрболат овна | 6D080800 – Топырақтану және агрохимия | Влияние минеральных удобрений и биопрепарата МЭРС на продуктивность яблони (сорта Апорт) в условиях темно-каштановых почв Илийского Алатау | 1.Кайрова Гулшария Нурсапаевна– а.ш.ғ.к., «Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет» КеАҚ, 2.Бакенова Женисгуль - PhD, заведующая кафедрой «Топырақтану, агрохимия және экология» кафедрасының меңгерушісі, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет» КеАҚ, 3. Roslan Bin Ismail - PhD,Путра университетінің "Ауыл шаруашылығы" факультетінің "Жер ресурстарын басқару" кафедрасының профессоры (Малайзия) | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |

| | | | | | |
|---|---------------------------------------|---|--|---|--|
| 4 | Максотова Алия Максотовна | 6D080800 – Топырақтану және агрохимия | Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында минералдық тыңайтқыштардың қызанақтың шетелдік сорттарының өнімділігіне және сапасына әсері | 1. Айтбаев Теміржан Ерқасымұлы - «Қазақ жеміс - көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Басқарма төрағасы, а.ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі. 2. Ридван Кызылкая - PhD доктор, профессор, Оңдокуз Мэйис университеті (Самсун қаласы, Түркия мемлекеті). | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университ еті |
| 5 | Харіпжано ва Айдана Ісенбайқызы | 8D08104 - «Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы | Идентификация и разработка защитных мероприятий против обыкновенной корневой гнили (возбудитель гриба Bipolaris sorokiniana Shoem) зерно-вых культур (пшеницы, ячменя и тритикале) в Казахстане | 1. Дутбаев Ерлан Бозанбанұлы – кандидат сельскохозяйственн ых наук, ассоциированный а.ш.ғ.к., «Жеміс- көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет» КеАҚ. 2. Dababat Abdelfattah - PhD доктор, Ел өкілі және халықаралық жүгері мен бидайды жақсарту орталығының (СИММИТ-Түркия) топырақ патогендері бағдарламасының жетекшісі. | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университ еті |
| 6 | Укибаев Рустам Жуманбекұлы | 6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» | Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайындағы шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен аурулары және олардан қорғау шаралары | 1. Слямova Назира Дусупкановна – а.ш.ғ.к., «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС. 2. Халил Токтай – | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университ еті |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|--|
| | | | | PhD докторы, Нийде Омер Халисдемир университеті. (Ниде қаласы, Түркия мемлекеті). | |
|--|--|--|--|---|--|

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Солтанбеков Саги Сайрановичтың диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Идентификация и разработка защитных мероприятий против обыкновенной корневой гнили (возбудитель гриб *Bipolaris sorokiniana* Shoem) зерно-вых культур (пшеницы, ячменя и тритикале) в Казахстане». Докторант микроклондау, телітушілерді таңдау және оның негізгі ауруларға төзімділігін бағалау негізінде Апорт сортының алма ағашын жандандыру бойынша ғылыми зерттеулер жүргізді. Генетикалық үйлесімділіктің молекулалық зерттеулері негізінде Апорт сортының алма ағашы мен *M. sieversii* алма ағашының телітуші-сорт комбинациясы таңдалды. Молекулалық талдаулар нәтижесінде негізгі саңырауқұлақ және бактериялық ауруларға төзімді телітуші-сорт комбинациясы анықталды.

Туребаева Сагадат Даулетбековнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде топырақты нөлдік өңдеу жағдайында күздік бидайды өсіру кезінде тыңайтқыштарды қолдану ерекшеліктері». Докторант Қазақстанның оңтүстік өңірінде алғаш рет тәлімі егіншілік жағдайында күздік бидайды топырақты өндемей себу кезінде макро- және микротыңайтқыштардың және өсімдіктердің өсуін реттегіштердің ең тиімді мөлшерлерін анықтау, оларды қолдану тәсілдерін әзірлеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізді. Қазақстанның оңтүстігі өңірінің тәлімі егіншілігінде кәдімгі сұр топырақтарында «нөлдік» технология жүйесінде макро- және микроминералды тыңайтқыштардың және өсімдік өскінін үдетуші заттардың топырақтағы негізгі қоректік заттардың динамикасына, күздік бидайдың өсіп дамуына және өнім құрылымына әсерін зерттеу алғаш рет жүргізілген. Алынған зерттеу мәліметтері алты танапты ауыспалы егістіктікте күздік бидай дәнінің сапалы және жоғары өнімін алуды қамтамасыз ететін ғылыми негізделген тыңайтқыштар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік берген.

Жумагулова Молдир Кайрболатовнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Влияние минеральных удобрений и биопрепарата МЭРС на продуктивность яблони (сорта Апорт) в условиях темно-каштановых почв Илийского Алатау». Диссертациялық жұмыста алғаш рет Іле Алатауы күңгірт кара-қоңыр топырағында Апорт сортты алма бағында суару техникасы және минералдық тыңайтқыштар мен МЭРС биопрепаратын қолданудың регламентіне ғылыми негіздеме берілді. Зерттеулердің нәтижелері алма ағашының максималды өнімділігіне қол жеткізу үшін тамшылатып суару жүйесіндегі әртүрлі суару технологияларында Апорт

сортының минералды қоректену ерекшеліктері туралы жаңа білім алуға мүмкіндік берді.

Максотова Алия Максотовнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында минералдық тыңайтқыштардың қызанақтың шетелдік сорттарының өнімділігіне және сапасына әсері». Диссертациялық жұмыста алғаш рет Қазақстанның оңтүстік-шығысы аймағының жағдайында, облыстың көкөніс шаруашылығына шаруашылық құнды белгілеріне қарай бейімдеу және бағалау, одан әрі үздік сорттарын (гибридтерін) ұсыну мақсатында – шетелдік селекцияланған 14 қызанақ үлгісі Огонёк 777 (Қазақстан) стандартты сортымен салыстыра отырып, зерттелді. Қызанақтың шетелдік сорттары мен будандарына биоорганикалық тыңайтқыштардың Биогумус (10 т/га), BioZZ, WORMic және Stresstop түрлерін минералды тыңайтқыштармен біріктіріп қолдану. экологиялық таза қызанақ өнімдерін алуға мүмкіндік беретіндігі анықталып, ұсынылды.

Харіпжанова Айдана Ісенбайқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Идентификация и разработка защитных мероприятий против обыкновенной корневой гнили (возбудитель гриб *Bipolaris sorokiniana* Shoem) зерно-вых культур (пшеницы, ячменя и тритикале) в Казахстане». Дәнді дақылдардың елдің ауылшаруашылығы үшін маңыздылығын ескере отырып, дақылдарды *B. sorokiniana*, *Fusarium spp* сияқты қоздырғыштардан қорғау, Қазақстанның аграрлық секторының азық-түлік қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін басым міндеттердің біріне айналуға. Диссертациялық жұмыста алғаш рет қазақстандық бидай мен арпа сорттарынан оқшауланған *B. sorokiniana* изоляттарын анықтауға арналған арнайы праймерлердің көмегімен генетикалық сәйкестендіру жүргізілді

Укибаев Рустам Жуманбекулының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайындағы шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен аурулары және олардан қорғау шаралары». Пияз өндірісін тұрақты түрде дамытуда, дақылдың сапасы жоғары, экологиялық таза және жақсы сақталатын мол өнімін алуда ауруларға төзімді сорттар мен будандарды таңдаудың, зиянкестер мен ауруларға қарсы биологиялық және шаруашылық тиімділігі жоғары өсімдік қорғау шараларын әзірлеудің маңызы зор. Диссертациялық жұмыста Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында пияздың негізгі зиянкестері мен ауруларының биоэкологиялық ерекшеліктері, атап айтқанда олардың түр құрамы, таралу ерекшелігі, даму деңгейі және зияндылық көлемі анықталды. *Peronospora destructor* және *Alternaria porri* эндофитті саңырауқұлағының негізгі түрлері, Пияз шыбыны (*Delia antiqua*), Трипс (*Thrips tabaci* L) энтомологиялық зиянкестері анықталды. Бұл пияздың зиянды нысандарына қарсы дер кезінде және тиімді күрес шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын

ҒЫЛЫМНЫҢ даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Солтанбеков Саги Сайрановичтың диссертациялық жұмысы ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша орындалды – 0115PK02205 "Апорттың іріктелген нысандары бар плантациялық екпелердегі *M. sieversii* сорт-тамыр сабақтарының негізгі бактериялық және саңырауқұлақ ауруларына молекулалық-генетикалық, физиологиялық ерекшеліктерін және төзімділігін зерттеу, оның ішінде *in vitro* алынған және оны өсіру технологиясын жетілдіру "(2015-2018 жж.) және "Стреске төзімді бәсекеге қабілетті орталарды құру экологиялық бейімделгіш қарқынды көгалдандыру үшін жаңа буын жеміс-жидек дақылдары мен жүзім, оларды сауықтыру және биотехнология мен IT технологияларды қолдану арқылы көбейту" (2018-2020 жж.).

Туребаева Сагадат Даулетбековнаның ғылыми-зерттеу жұмыстары 2019-2021 жылдарға арналған АШМ-нің ғылыми-техникалық бағдарламасының «Қазақстанның оңтүстігіндегі тәлімі жерлерде топырақты нөлдік өңдеу кезінде күздік бидай егістіктерінде тыңайтқыштар мен өсіруді қарқындатқыштарды пайдаланудың жүйесін құрастыру» тақырыбындағы ісшарасы аясында жүргізілген (мемлекеттік тіркеу №BR10764908).

Жумагулова Молдир Кайрболатовнаның диссертациялық жұмысы ҚР АШМ БП 255 "Жоғары өнімді қарқынды екпелер үшін әлемдік агробιοалуантүрлілік пен биотехнологияны пайдалана отырып, стреске төзімділігі жоғары, жоғары сапалы көрсеткіштері бар жеміс, жидек дақылдары мен жүзімнің сорттарын жасау" ҒТП шеңберінде, "Сорт-тамыр сабақтарының негізгі бактериялық және саңырауқұлақ ауруларына молекулалық-генетикалық, физиологиялық ерекшеліктерін және төзімділігін зерттеу" іс-шарасы бойынша орындалды. Іріктелген Апорт нысандары бар плантациялық екпелердегі *M.Sieversii*, оның ішінде. *in vitro* және өсіру технологиясын жетілдіру " (бағдарлама шифры о.0724. Жобаның тіркеу нөмірі 0115PK02205) 2015-2017 жж.

Максотова Алия Максотовнаның диссертациялық жұмысы «ҚазККШҒЗИ» ЖШС («Қайнар» аймақтық филиалы) жоспарлы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысты, «Инновациялық әдістер негізінде картоп отырғызу материалын вирустық инфекциядан жақсарту және Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы топырақ-климат жағдайлары үшін шетелдік селекцияланған картоптың, көкөністің және бақша дақылдарының неғұрлым жоғары өнімді сорттарын (будандарын) енгізу» Орталық ғылыми-техникалық жобалар бағдарламасы аясында жүзеге асырылды (мемлекеттік тіркеу нөмірі – № 0118PK01258).

Харіпжанова Айдана Ісенбайқызының диссертациялық жұмысы "Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" ЖШС-де 03.08.2023 ж. №245/23-25 гранттық қаржыландыру бойынша, 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы бойынша АР19676202 " Фитопатологиялық және молекулалық әдістерді қолдана отырып, *Bipolaris*

sorokiniana және Fusarium culmorum қоздырғыштар тудыратын бидай тамырының шіруіне төзімділік көздерін сәйкестендіру" тақырыбы бойынша орындалды" (жобаның тіркеу нөмірі 0323РК01417) 2023-2025 жж.

Укибаев Рустам Жуманбекулының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасын іске асыру шеңберінде Аға ғылыми қызметкерлер тобы (АҒҚТ) және Кіші ғылыми қызметкерлер тобы (КҒҚТ) үшін 2018-2020 жж. гранттар бағдарламасы бойынша ғылыми- зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға арналған №APP SSG-16/0894P-ГСНС «Алғашқы отандық Ақ көбелек с.п. биопрепаратын қабыршақ қанатты зиянкестерге қарсы коммерциялау» жобасы аясында жүргізілді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Солтанбеков Саги Сайрановичтың диссертациялық жұмысы бойынша берілген ұсыныстар, Апорт пен *M. sieversii* эксперименттік бақшасының таңдалған сорт-тамыр комбинациясы сортты қалпына келтіру және жандандыру, сондай-ақ көшет өндіру үшін бастапқы аналық-кесу бағы ретінде қызмет етеді. Апорт сортын өсірудің ғылыми негізделген тәсілдері мен Агротехнологиялық әдістері сортты қалпына келтірудің, жандандырудың тиімді құралы болады. Негізгі саңырауқұлақтар мен бактериялық ауруларға төзімді апорт және *M. sieversii* формалары коммерцияландыру объектілері болуы мүмкін.

Туребаева Сагадат Даулетбековнаның диссертациялық жұмысы бойынша Қазақстанның оңтүстігіндегі тәлімі жерлеріндегі күздік бидай өсірумен айналысатын шаруашылықтарға келесі ұсыныстар берілген:

- кәдімгі сұр топырақтың құнарлылығын үнемі арттыру үшін күздік бидайды тікелей себумен өсіру кезінде, олардан жоғары және сапалы өнімін 2-3 есеге дейін арттыру үшін, күзде, фосфор тыңайтқышын 30-45 кг, ерте көктемде азот тыңайтқышын 50-70 кг ә.з. мөлшерінде енгізу қажет;

- жоғары өнімділікке қол жеткізу үшін жылжымалы фосфор және нитратты азотпен жоғары қамтамасыз етілген топырақтарда тұқымды дәрілеу кезінде бір мезетте, өсімдік өскінін үдеткіш «Вымпел 0,5л/т» + микротыңайтқыш «Оракул -1,0 л/т» қолдана отырып тұқымды және олардың 0,5 л/га+2,0 л/га қоспасымен күздік бидайды түптену және соңғы жапырақ шығару кезінде (масақ шығарар алдында) егістік танаптарын өңдеу қажет;

- күздік бидайдың сапалы және мол өнім алуға жағдай жасау үшін егістік танаптардың арамшөптенуін 90%-дан аса төмендету үшін, дақылды тікелей себумен өсіру кезінде Балерина (0,5 л/га) және Ластик Топ (0,5 л/га) гербицидтерімен өңдеу қажет.

Жумагулова Молдир Кайрболатовнаның зерттеулерінің нәтижелері агрохимия ғылымы мен жеміс-жидек шаруашылығының дамуына айтарлықтай әсер етті, бұл алма ағашының максималды өнімділігіне қол жеткізу үшін тамшылатып суару жүйесіндегі әртүрлі суару технологияларында (22 ц/га дейін) "Апорт" сортының алма ағашының

минералды қоректену ерекшеліктері туралы жана білім алуға мүмкіндік берді. Апорт бақшасында минералды тамақтануды оңтайландыру бойынша ұсыныстар берілді.

Максотова Алия Максотовнаның диссертациялық жұмысы бойынша күңгірт қара топырағының агрохимиялық көрсеткіштерін жақсартатын, қызанақ өнімділігін арттыратын және жеміс сапасын жақсартатын минералды тыңайтқыштардың ұсынылған (N180P150K120, N210P180K150) тиімді мөлшерлері болып табылады. Қызанақтың шетелдік сорттары мен будандарына биоорганикалық тыңайтқыштардың Биогумус (10 т/га), BioZZ, WORMic және Stresstop түрлерін минералды тыңайтқыштармен біріктіріп қолдану. экологиялық таза қызанақ өнімдерін алуға мүмкіндік беретіндігі анықталып, ұсынылды.

Харіпжанова Айдана Ісенбайқызының диссертациялық жұмысы бойынша патогенді саңырауқұлақтарға қарсы егу алдында өңдеуде тұқымдарды тиімді уландырғыш ретінде фунгицидтік препарат Дивиденд 030 с.к. 2,0 л/т дозада ұсынылады. Алынған мәліметтер негізінде рапс, ноқат және бұршақ дақылдарына қосу ұсынылады, бұл Алматыда облысында жаздық бидай мен жаздық арпа дақылдарында *Bipolaris sorokiniana* саңырауқұлақтарының инфекциялық жүктемесін төмендетуге ықпал етуі мүмкін.

Укибаев Рустам Жуманбекулының диссертациялық жұмысы бойынша Қазақстанның оңтүстік-шығысының пияз алқаптарында фитосанитарлық жағдайды жақсарту, пияздың зиянкестері мен ауруларына қарсы жүйелі түрде тиімді күрес шараларын жүргізу және дақылдың мол өнімін алу мақсатында өңірдің пияз өсіретін шаруашылықтарына мынадай ұсыныстар берілді:

- Пияз өндірісінде танаптың фитосанитарлық жағдайы жоғары деңгейде, таза болуы үшін және пестицидтер қолдануды барынша шектеу үшін 5-танапты және 7-танапты ауыспалы көкөніс егістіктерін қолдану ұсынылады. Жер телімі шектеулі шаруашылықтарда пиязды 3-танапты және 4-танапты ауыспалы егістіктерде өсіру ұсынылады, бірақ бұл жағдайда пиязды зиянкестер мен аурулардан қорғаудың тиімді және экологиялық тұрғыдан алғанда қауіпсіз шараларын ұйымдастыру қажет.

- Кешенді үздік көрсеткіштері (аурулар мен зиянкестерге төзімділігі және өнімділігі) ерекшеленген шетелдік Кремень сорты (Ресей), MSX01098 F1, MSX343RM F1 будандары (Италия), Валерия буданы (Германия) және отандық Мереке сорты ұсынылады. Сонымен қатар, ауруларға төзімділігі бойынша әлсіз сезімтал Каратальский сорты және Манас буданын өсіру ұсынылады. Аурудан қорғау шаралары қамтамасыз етілген жағдайда пияздың ауруларына орташа сезімтал Байрам, Дайтона және Халцедон сортүлгілері ұсынылады.

- Пияздың зиянкестеріне (пияз шыбыны, трипс) қарсы биологиялық тиімділігі жоғары, жаңадан шығарылған келесі инсектицидтер келешекте Қазақстанда тіркелген жағдайда ұсынылады: Эзиом, 15% с.е. (ацетамиприд 100 г/кг + циперметрин 50 г/кг) 0,2-0,25 л/га және Корвет, к.э. (хлорпирифос,

500 г/л + циперметрин, 50 г/л) 0,5-0,7 л/га. Сонымен қатар, Борей (имidakлоприд 150 г/л + лямбда-цигалотрин 50 г/л) инсектициді (0,2 л/га) мен Битоксибациллин (*Bacillus thuringiensis* var. *thuringiensis*) биопрепаратын (3 кг/га) бірге қосып қолдану ұсынылады. Органикалық өнім өндірісі үшін Актарофит, 1,8% (*Streptomyces avermitilis* өндіретін табиғи авермектиндер кешені) биоинсектициді 0,3-0,6 л/га нормасымен ұсынылады.

- Пияздың ауруларымен (пероноспороз) күресу үшін өсімдіктің өсуін реттегіш *Organica S* (споры *Bacillus amyloliquefaciens* (титр не менее 5×10^9 КОЕ/мл)) және *Organica F* (конидии штамма *Trichoderma asperellum* (титр не менее 1×10^8 КОЕ/мл)) биологиялық препараттары (1-2 л/га) ұсынылады.

- Пияздың тұқыммен берілетін ауруларын жою мақсатында себілетін тұқымды дәрілеу (өңдеу) үшін келешекте Қазақстанда тіркелген жағдайда *Bio Fish* биостимуляторы, Фитоспарин-М, Оргамика С және Оргамика Ф биопрепараттары ұсынылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық Кеңестің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер қаралды және бекітілді. Рецензенттер халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі мен атақтары бар ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдарын тағайындады. Диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынды, онда олар таңдалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығын бағалады, философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берді. Бекітілген рецензенттердің жұмысы және олардың пікірлері талаптарға сай болды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды диссертациялық кеңеске ұсынғанға дейін күшейту қажет. Сонымен қатар, PhD дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңеске ұсынылатын ғылыми жұмыстардың сапасы үшін ғылыми консультанттардың жауапкершілігін күшейту қажет. Бұл рәсім қорғалатын диссертациялық жұмыстардың ғылыми деңгейін жақсартуға және сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) -6;

- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы



С. Қалдыбаев

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Г. Кайрова